

C-95
2989



ӨЛЕҢДЕР




ЖАҚАН СЫЗДЫҚОВ

ӨЛЕҢДЕР



3



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1951

ЖҮЛДЫЗДЫ МОСКВА

Сарайлар болған әлемде,
Шаһарлар алуан салынған.
Жұлдыздар жанып өзінше,
Шырақтар талай жағылған;
Бәрінен де солардың
Москва артық жаралған.
Айбыны ескал қамалдап,
Іргесі берік қаланған.
Москваны мен сүйсем,
Жанындай сүйген елім де.
Москва мені бөлеген
Жайдары рақат өмірге.
Москва әнді ырғалтып,
Күй түсірген көңілге.
Жол тартып,
Сапар шеккенмін
Мавзолейге,
Ленинге!
Әлемнің жүзі,
ай беті —
Москваға бұрылған.
Кремль зәулім көк тіреп,
Жағылған жұлдыз нұрынан...
Москваны күн сүйіп,
Жұлдыздан шоғын қалаған,

Әлемге бақыт жолдары
Москвадан тараған.
Соғады күйлі сағаты,
Айтылып совет ұраны.
Кремль қадап жұлдызын,
Жағылған нұрдың шырағы,
Өмірдің асқар шыңында,
Жұлдыздың балқып нұрында,
Москва жайнап тұрады.

СТАЛИНГЕ

Сен айтқан сөз,
Сен жазған әрбір харіп
Нұр төккен,
Шұғыласы күннен жарық
Сенің ойың
Жиһанға шам боп жанып,
Қуат алған, нәр алған күллі халық.
Таза сенің келбетің мрамордан,
Тең келмес мрамордың мөлдірлігі.
Жауды айдап,
Қара түнек бұлтты ысырған
Айбынына сүйсініп, тау мүлгиді.
Анталап келген шақта
Аума есерлер,
Сен турдың
Тұлғаменен данышпандық.
Сатылған,
Жендет,
Палач,
Топғы есерлер,
Үріп жатты,
іс істеп бізге жаулық.
Олар шапшып ұмтылды
биік күнге,
Халықтың оқ атты олар жүрегіне.

Партия бастап сол кез айбынды үнмен,
Жол тартты халықтардың тілегіне.

Сталин

Бақыт, ракат бастаушысы,
Сен болдың

Сонда, көсем,

Жол көрсеткен.

Жердің де,

Аспанның да дүлей күші

Болған жок,

Болған да емес Сенен үстем.

Қыялдың.

Ойдың асқар мұнарасы,

Ұстазы

Келешектің,

Бүгінгінің.

Тыйылып сен дегенде көздің жасы.

Қол созып,

Айтты саған грек мұны.

Толқында

Алдың қолға ескекті өзің.

Жиһанға тұтқа болып басталып сен.

Таппаған Архимедтің есептерің.

Қыйының, құпиясың ашқан да Сен!

Жалмауыз,

Қан шеңгелді

Калибана

Қанғырып,

Жерімізден кетті ығысып.

Әлемде барлық ата.

Барлық ана,

Атыңды жүрегіңдей көрген ыстық.

Айт бердін,

Ленин жолың қабыл алып,

Сол жолмен келеміз біз мүдірместен,
Сәулелі болашаққа күндей жарық—
Жол тартып асу-асу зор белестен,
Жөнөдік,

Коммунизм көшін артып:
Кет, жолдан!

Шпиондар,
Сатылғандар!

Әлемде күн жасасын,
Нұры балқып!

Жасасын адал ойлы
Таза жандар!

Тұлғасы мәңгі сөнбес ғасырлардың
Өзіңсің, сыйпатыңа тілім жетпес.
Дүниеде неше алуан асылдардың
Бірі де

Асыл болып Сенен өтпес.
Жапырақтар — қағаз,

Мұхит — сыясы боп,
Жазса дағы,

Толғанып нелер шешен.
Ушқыр қыял шарықтап,

Әлем шолып.

Тең таба алмай мүдірген Саған, көсем.

Ойыңнан мархабаттың бұлағы ағып,

Тұлғаңнан коммунизм нуры тарап.

Адамзат ақылыңнан достық тауып,

Жер шары айналады Саған карап!

Көсем, сен шым болаттай шынықтырып.

Ұйыттың махаббатты жүрегіме.

Ал, әлем,

Тыңда!

Бізді құлақ түріп.

Барлық жол — Сталинге,

Кремльге!

СЕНІҢ ТУЛҒАН

(Кировке)

Ленинград граниттей
Қамал болып тұрған шақта,
Жауды жайпап,
Бет қаратпай,
Тұмсығынан ұрған шақта,
Зенбіректер гүрсіл қағып,
Нажағайлар ойынағанда,
Қыйғыр қылыш суырылып,
Көк сүңгілер бөйлағанда,
Қалың орман қақ айрылып,
Шұлы тоғай түнергенде,
Қос-қосынан самолетті
Қара бұлттай жібергенде,
Күн шатырлап, аспан жарып,
Жер дірілдеп теңселгенде,
Ежелгі жау майдандасып,
Жүрегін жеп жұлқынғанда, —
Ленинград алынбайтын
Асу қамал болып қақпа;
Осы шақта

Сенің тулған,
Жүрді бірге алғы сапта!
Әр жауынгер жүрегіне
Сенің атың қуат беріп,

Сокты жауды,
Талқандады,
Ер жауынгер төсін керіп.
Жағаластық сонда жаумен
Жолатпадық қалаға біз.
Сумандаған сұр жыланды
Кіргізбедік араға біз.
Сонда сенің даңқыңменен
Ту көтере аттадық біз.
Сонда сенің салтыңменен
Қатар түзеп саптадық біз.
Сонда сенің өмір сүйген
Өспетіңді ақтадық біз.
Ойран салып, жауды қуа,
Ойсырата таптадық біз.
Жеңіс туын көтердік біз,
Шалдырмадық ешбір даққа
Әрқашанда сенің даңқын.
Сенің тұлғаң алғы сапта!

САЙЛАУ КҮНІ

Бүгінгі күн Отаннан
Қанатты бір үн ұшты.
Жетті түкпір-түкпірге.
Кұлак түрді жер үсті.
Сібірдің долы дауылын
Бұзып-жарып сапыра.
Күркіреп күшпен аспанна:
Нажағайдай атыла,
Мүдірмей ұшты сол бір үн,
Естіді жарқын келер күн.
Бүгінгі күн барлық ой
Бір арнаға құйылған.
Байтақ елім үн қосып,
Салтанатпен жыйылған.
Үн келеді Сібірдің
Дауылынан, қыйырдан;
Үн келеді ағындап
Таулы Кавказ, Қырымнан.
Шар тараптан ұшқан үн
Москвада түйісті.
Сталинді сайлаған
Үнді естіді жер үсті.

БАЛАЛАРДЫҢ БАҒЫ ҮШІН!

Советтік елдің сәні үшін,
Балалардың бағы үшін —
 Сталинді сайлаймыз!
Елдің нұрлы таңы үшін,
Балалардың қамы үшін ---
 Данышпанды сайлаймыз!
Асулы асқар өріме,
Гүл ектірген жеріме
 Ұлы адамды сайлаймыз!
Көрік берген еліме,
Бар әлемнің көгіне
 Күн адамды сайлаймыз!
Таудан биік айдынды,
Күннен күшті айбынды
 Кемеңгерді сайлаймыз!
Елден алғыс,
 Жүзде алған,
Сталиннен үлгі алған
 Өреңдерді сайлаймыз!

Т Е Н І З Д Е Й Т Е Р Е Œ Ө С И Е Т

Жасаған қарт бір ғасыр
Токтады үйдің алдына,
«Табамын қандай сөзді асыл?» —
Легендей,

Ойға қалды да
Тарады күміс сақалын,
Жүзінде нұрдың өрнегі,
Сонда ақын атаның
Жүрегін жыр тербелі.

Әдеппен басып аяғын,
Жұпыны үйге кірді қарт.
Ұмытып қолда таяғын,
Асыға басып жүрді қарт.

Жиһазын көріп сол үйдің,
Ғажайып сырға бөленді.
Шынында шырқап Горидің,
Ағылтты асыл өлеңді.

Үйге кіріп қарап жүр
Жұпыны ғана заттарды.
Жұпыны заттан талай сыр
Жүректе туып, сақталды.

Тартты қарттың көз нұрын
Сарғыш тартқан бір қағаз:
— Жазылды-ау сен туған күн.
Тебіренді-ау қарт Кавказ...

Жуып бір Нұрлы жүзінді,
Жүздің-ау екі өзенге.
Балалық,

Сәби кезінді
Өткізіп, ойнап өзенде.
Саздан соққан табағың
Жүрекке жылы жыр беріп,
Терезеңе қарадым,
Төгеді сәуле,
Нұр келіп.

Кестеленген орамал, —
Бетімді мен де сүртейін.
Жырымды асыл орап ал,
Шарықтап, әнді сілтейін.

Кішкене мынау сандықты
Сеземін талай ашқанын,
Білемін күндей дидары
Балқытып нұрын шашқанын.

Сүйгім келді жаныммен
Мейірімді сенің анаңды!
Рақмет сізге, ана жан!
Өсірген көсем балаңды! —

Деді де,
Қарттың ойнады
Жүзінде нурлық орнегі,
Теңіздей терең толғады,
Шалкыды қыял,
Тербеді...

Тарады күміс сақалын,
Далаға шықты нұрлана.
Жыр алыбы атаның
Түсті көзі шыңға да.

— Жасарды жаным көргенде,
Тербелген көсем бесігің.

Алыстан аңсап келгенде
Кең ашты елің есігін.
Жазайын Кавказ тасына,
Алатаудың тілегін.
Кұяйын жайқын Қураға
Мөлдір суын Іленің.
Айтайын шырқап өлеңмен
Барлық қазақ сәлемін!
Достық жырын естісін,
Күллі дүние әлемі.
...Жасаған қарт бір ғасыр —
Тұрды да, үйдің алдында
Қуанды,
Күлді сәбидей,
Арманы епді қалды ма?
Шаттанып қайтты қарт Жамбыл,
Жисарын осы сапарда.
Жүректен шыққан асыл жыр —
Сталин — деп аталды.
Көсемге —
Улы адамға
Арнаңдар, — деп, — бар жырды!
Умытпа!
Маған,
Саған да,
Өсиетін қалдырды!

М А Я К О В С К И Й

Маяковский
Сөйлеп тұр
Москваның төрінен.
Ойды билеп
Тасқын жыр,
Тындатты бізді лебімен.

Маяковский
Сөйлейді —
Шахтада,
Түзде, •
Құрлыста.
Асқақтап үні өрлейді —
Өмірде,
Ецбек, тұрмыста.

Жалынды талант ақынның
Естіліп даусы бар елге,
Қыядан шалып дабылды үн
Болғандай жаршы әлемге.

Дауылпаз жыры естілді,
Нью-Йорк,
Лондонға.

Сары сайтан кескінді
Зәресі ұшты бір мырза.

Онын сөзі — дауыл, жел,
Қорқып мырза кұтырды.
Қан жылап жатқан отар ел
Сүйсіне тыңдап отырды.

Сүйсінді оның жырына
Жұмысшысы Үндінін.
Заңғар таудың шыңына
Өрлеп бір шықты таскынды үн.

Тыңдалық жырын!
Жолдастар!
Аямай елден бар күшін,
Ерлік пен арды ту еткен
Дәуірдің ұлы жаршысын.

Ол бізбен бір келеді,
Әне оқып, сөйлеп тұр.
Жауынгер жыры — ел үні!
Қатар түзеп сапта тұр!

Мүдірмей алға жол тартып,
Маяковский келеді.
Шыңдалып өскен зор талант,
Россияның бөбегі!

Е Д І Л — Д О Н

Сызылды карта тағы да,
Құшақтасты Еділ — Дон.
Елдің шаттық, бағына
Құлпырып, гүлдеп құба жон.

Сызылды карта,
Бақыттың
Ғажайып жолы ашылды.
Шалқыды көкте шаттық үн,
Ақ Еділ толқып, тасыды.

Қыял емес, шындықтың
Есігін аштық тағы да.
Нұрын шашты арайлап
Коммунизм таңы да.

Қаналмен шалқып су тасып,
Көтеріле толқын шу.
Жапанда гулеп, дуласып,
Гүлдемек, көктеп бұйра ну.

Теңізді топшым қақ жарып,
Жүземін терең түпсізге.
Кемеде шалқып, ән салып,
Үн беремін тілсізге.

Айдынды Дон,
Ерке Еділ,
Тел өзен ең ертеден,
Екеуің тілек қосып бір,
Ел үшін шалқы!
Еркелен!

Дон жаяды құшағын,
Толқын жылжып Еділден;
Көгілдір тартып ну сағым,
Көркі боп жердің көрінген.

Асау толқын,
Жынды жел,
Бас идің бізге, жеңілдің.
Қызығып, бағын көреді ел
Бейбітшілік өмірдің.

Қайна еңбектің бұлағы,
Сызылды карта тағы да;
Жол тарттық жиһан шырағы —
Коммунизм таңына!

Еркеле Еділ!
Ел жайна,
Дон, құшақ жай, алқала.
Жайналы гүлдеп айнала,
Көз салды көсем картаға.

————

ГҮЛДЕНЕ ДІ ҚАРАҚҰМ

I

Құрысып жатты тамырын,
Құрдым тарттың, мелшініп.
Аңызға болды сәуірің,
Қарақұлақ селтініп.
Ертеден елдің арманы,
«Бұғалық салу» саған да.
«Құс қанаты талғаны,
Құралай соққан далаңда» —
Белгілі еді.

Не заман
Қу меднен Қарақұм.
Азалы күйдей аздаған,
Шұлаттың құмның боранын.

II

Келеді толқын Жейхуннан,
Жылжыды өзен, қойныңды аш!
Арылдың құмшаң, құйынаң,
Тыйылды боран, мауқың бас!
Тамырың піп, гүлденіп,
Жайқалар мақтаң далада.
Әулім үйлер түрленіп,
Жаңа салған қалада.

Алабына мал толып,
 Ән салар шопан шырқатып.
 Жапаныңа сән толып,
 Заводтар түтін бұрқатып...
 Алқызыл гүлдер теңселіп,
 Бақшанда сайрар сандуғаш.
 Келеді толқын еңсеріп,
 Шулама боран, мауқың бас!
 Толқынды бұрып болат қол,
 Шеңберлеп иді тулатып.
 Сылдырап ағып бұлақтар,
 Суарар, шөлің қандырар.
 Өлкеңе бітіп бұйра тал,
 Төсінде жұлдыз жандырар.

III

Батыр қолды салдық біз,
 Құм көрпесі түрілді,
 Бізден басқа кім салды із,
 Баса-көктеп құмыңды.
 Мейірсіз қатал табиғат,
 Көндіреміз біз сені.
 Тілсіз дүлей от, апат,
 Сөндіреміз біз сені.
 Ежелден Амудария
 Береке біткен күт еді.
 «Тезірек кел — деп, — қария!»
 Қарақум сені күтеді.
 Шырақтар жанып,
 шөл қанып,
 Туған жер болар Гүлстан.
 Қартаңды отыр қолға алып,
 Ұлы Сталин данышпан!

ТУЫСҚАН ӨЗБЕК ХАЛҚЫНА

Қарақат, алмұрт, алмалы
Көз тартқан көркі бағының;
Жүректі тербеп,

Көкке өрлеп,
Сыңғырлап үні сазының.
Хош иіс кернеп кеудені,
Жайқалған гүлі Ләләнің,
Шынарда сайрап сандуғаш,
Соқтырып таңның самалын.

Мақамы қандай тамаша,
Саяда өскен сауықты ел.
Қызық-думан өмірі,
Аруы — сұлу,

Жігіт -- ер.

Шежіренді қолға алып,
Жасымнан мен де жаттағам.
Жанымдай ыстық жүрекке --
Өзбек деген ат маған!

Естідік бүгін тағы да,
Бауырым шырқап салды әнін.
Тойлатып, бізді сайратқан
Арқасы көсем дананың,

Сәлем саған туысқан,
Сәлем қазақ елінен,
Сәлем ыстық жүректен,
Шын махаббат лебінен.

Бұралып кылы кернейдін,
Шырқала түссін үніңіз.
Бұлбұлдар сайрап бағыңда,
Жайқала түссін гүліңіз.

Өрлесін саздың шат үні,
Миуалы әсем жеріңде.
Бөленіп мақта, жібекке,
Шалқысын дәулет еліңде.

Үн қосып біз де жырлаймыз
Сәулетті, сәнді салтыңа,
Сәлем ыстық жүректен
Туысқан өзбек халқына!

САМОЛЕТТЕГІ АҒАТАЙ

Самолеттегі ағатай,
Сөйлесейін сенімен.
Бұлтан бері келсенші,
Әнігемелес менімен...

Кейде ұйқтап жатқанда,
Мен де жөкке ұшамын.
Қанатыммен сабалап,
Көктің бұлтын кұшамын.

Көк теңіздер, өзендер
Толқынымен шайқалып,
Зәулім биік қарағай
Қарап қалды жайқалып.

Бетегелі белес бел
Ор қояндай бұлтыйып,
Зеңгер таудың қыясы
Қараңдайды қылтыйып...

Уа, ағатай, кел бері!
Отырғызшы мені де.
Сүйемін мен, кұмармын
Елдің ұшқыш еріне.

Мен де ұшып аралап,
Танысайын көкпенен.

Көкте де ел бар ма екен,
Не нәрсе екен көк деген?

Бұлтты түріп ескектеп,
Айды да бір көрейін.
Көктегі әсем жұлдызды
Көгендейін, терейін!

Ұа, ағатай, кел бері!
Мен де ұшқыш болайын.
Жерге кұстай қалықтап,
Қанатыммен қонайын!

Қара бұлтты қақ жарып,
Көк теңізден өрлейін.
Биік ұшып, шарықтап,
Москваға келсейін.

Қуанайын әндетіп,
Көрді мені әлем! — деп.
Бар дауыспен айтайын
Сталинге сәлем! — деп.

Сәлемімді айтайын
Ақша бұлтғың астынан;
Менің де ұшқым келеді,
Алшы, ағатай, қасыңа!

Самолетке отырғыз,
Мен дағы ұшып байқайын.
Үйге қайтып келген соң,
Анама мен айтайын:

Туғалы адам баспаған
Құла түзге қондым, — деп.

Айды алқалап, бұлт сөгіп,
Ну аралда болдым, — деп.

Аспаныңды аралап,
Үйге аман қайттым, — деп.
Ең сүйікті атама
Сәлемімді айттым, — деп.

Уа, ағатай, қасыңа ал,
Мен дағы ұшып байқайын.
Көргенімді баяндай,
Анама мен айтайын.

ӘЛІ ТАЛАЙ УШАРМЫН
(Бір баланың аузынан)

Алматыдан біз ұштық,
Қостанайға бет алып;
Қызықты бір саяхат
Бойға жігер тұтатып.

Қаршығадай аспандап,
Көтерілді самолет.
Көрінеді көзіңе —
Сағымданып жер мен көк.

Ә дегенше біз келдік
Мыс қаласы — Балқашка.
Тоқтап біраз дем алдық,
Асығыстау болсақ та...

Бұлтан асып жеттік біз
Қарағанды жеріне; —
Тау-тау болып үйілген
Алып көмір кеніне.

Көктен төмен қарасаң,
Бір тамаша қала екен.
Көк тіреген үйлері
Айтарлықтай бар екен:

Иығына асынған
Жұмысшылар қайласын.
Көтеріле тағы ұштық,
Деп: — «Ақмола, қайдасын?!»

Жазылып жатқан кең байтақ .
Малға толған өңірі.
Көз алдына келгендей
Елдің үлкен өмірі.

Атбасардың алабы
Бетегелі бел екен;
Көк майсасы теңселген
Мактарлықтай жер екен.

Балдырғаны жайқалған,
Ылғый биік өр екен.
Алтын кесе сыяқты
Ойдым-ойдым көл екен.

Есілді өтіп,
Көкте ойнап,
Қостанайға ұштық біз.
Бір де қалқып,
Бір шалқып,
Көк бұлытып кұштық біз.

Обағанның үстінен
Өрлей өтіп тағы астық.
Бейне теңіз шалқыған,
Жердің беті—кен астық.

Алты айшылық алысқа
Алты сағат ішінде
Жеткізіп-ақ тастады,
Өңім бе, әлде түсім бе?!

Қызық екен, ағатай,
Самолетпен көкте ұшқан;
Жаздың жайлы күнінде
Ғажап екен бұлт кұшқан.

Бұлын-бұлын көк үйлер,
Бұлдыраған зеңгер тау.
Әлі талай ұшармын,
Бойда қуат тұрса сау.

Сағымданып асқар тау,
Сағынғандай қарсы алып;
Аспан астын тойлармын
Әлі талай ән салып!

ЖАУЫНГЕР ЖОЛДАСИ

Елің бір сүйіп алкалап,
Тұлғаңа көзі тоймаған.
Қыйырсыз, байтақ шартарап
Қамынды сенің ойлаған.
Мәпелер сені біздің ел,
Батырым, жолдас жауынгер!
Тұғырдан халқың ұшырып,
Өткенсің шыңның қыясын;
Топшыдан теуіп түсіріп,
Талқандап жаудың ұясын.
Мақтаныш еткен біздің ел,
Қыраным, жолдас жауынгер!

Қара ормандай самсаған
Қарсы қолды өктедің,
Қалтырап жауың, қақсаған,
Жасылдай түсіп өктемін,
Арыстан сынды батыр ер,
Батырым, жолдас жауынгер!

Теңдесі жоқ әлемде —
Шыңдады сені Армия.
Құрметті атың бар елге,
Белестен асқан сан қыя,
Ел ұланы батыр ер,
Жүректі жолдас жауынгер

Жарасып бойға шинелін,
Досыңа — ажар, жауға — айбын,
Еліңде артық беделің,
Күйіме қосып жырлаймын!
Бауырым, маған қолың бер,
Батырым, інім, жауынгер!

— — —

С Е М С Е Р

(*Партизан сөзінен*)

Семсерім,

сыр жолдасым,

жан серігім!

Қолға алар жарқылдатып туды күнің.

Сермеген сені талай сын жорықта,

Өшіргем аласұрған жаудың үнін.

Семсерім!

Сілтегенім қапы кетпей,

Қуғамын қырды асырып, жауымды өктей.

Майданда, арпалыста, тар кезеңде

Қас жаудың қайтқан емен қанын төкпей.

Семсерім, жау шошырдай жүзің суық,

Соққамын сом болаттан, кекке жуып.

Суарғам алмаспенен зере тартып,

Айбарлы шашағыңды белге буып.

Қаһарман жауға сілтеп, түйілгенмін,

Алтайда ақнықтай шүйілгенмін,

Оралдың кұзды өлкесін өрлсі өтіп,

Душпанды қаһарынмен үйіргенмін.

Сұнқардай тас ұяда ержеткемін,

Топшыммен бұлтты шайқап тербеткемін,

Ас болып алты малта, ер жастанып.

Жапырып, жаудың қанын селдеткемін.

Жүзінді қанды кекке бір суарып,
Айбалта, ақ найзаны серікке алып,
Түйдегін топты жаудың бытыратып,
Топыр қып, сілтегемін айбаттанып.

Семсерім,

Қыйғыр алмас, нар кескенім;
Ежелден біте қайнап, бірге өскенмін,
Түйілген қауып бұлты қан жорықта,
Серігім!

Сеніменен тілдескемің.

Маған серт!

Басамын мен жау аптығын.

Саған серт!

Намысқа шап, сөзімді ұғын.

Кернеген кек, жүректе ыза толқын,

Ерттелді қас тұлпарым,

күшім мығым!

Қыныңнан күмістенген суырамын,
Апшысын абжыланның қуырамын;
Дәстүрі батырлардың мәңгі есімде,
Аттандым жауды қанмен жууға мен!

Тартқанда ұлы шеру ыза керней,

Жорықта жарқылдатып сені сермей,

Жоқ қылып жер бетінен бір жолата,

Қайтпаймын қасарысқан жауды жеңбей.

Семсерім!

Сыр жолдасым!

Жансерігім!

Қосылар ұлы ұранға туды күнін:
Жорықта жарқ-жүрқ етіп сені мен мен,
Талқандап қайтамыз біз жау шеруін!..

«БЕРШІ МАҒАН ЖҰЛДЫЗЫҢДЫ!»

Үміт үзген дүниеден,
Қарт Микола әлсіреген,
Қансыраған;
Азап шеккен,
Қайғы, дерттен,
Жанған өрттен
Нұры кашқан, сұры кеткен,
Қалжыраған...
Қатып, сеніп,
Жатыр еді бейне өлік,
Қарсы алдына тұрған келіп,
Жауынгерді сол қарт көріп:
— Уа, балам, сен құтқаруға,
Шалғай жерден тартып жорық,
Келдің мұнда, құшағыма,
Қысып сені, аймалайып.
Жарқыраған маңдайыңда
Жұлдызыңнан айналайып! —
— Уа, келдік қанды белден,
Азап шеккен жарандарды,
Қапастағы адамдарды
Құтқаруға, қуантуға,
Күлдіруге, жұбатуға
Келдік, қартым, мен жауынгер,
Құтқардық біз, қолыңды бер! —

Дегенінде, қарт Микола:
— Естіп едік даңқыңызды,
Құдіретіңнен сілкінген жер,
Батыр жүрек ер жауынгер,
Жарқыраған жұлдызыңды
Достық үшін белгіге бер?
Жүрегіме, әм санама
Жұлдызыңнан төгілсін нұр!
Зұлымдарды қалтыраттың,
Таж бен тағын аспанға аттың,
Бостандықты күшпен алдың,
Әділеттік шамын жақтың!
Шарықтаған шаттық жырдан,
Жаратылған сәуле, нұрдан
Жарқыраған жұлдызыңды
Белгі болсын, берші ұлан! —
Күлді сонда жауынгер де,
Күлімдеді қарт та бірге,
Құшақтап қарт сүйді беттен:
— Алып шықтың жалынды өрттен,
Енді азап жоқ бұл өмірде,
Енді орын жоқ дажалдарға,
Енді жол жоқ сұм өлімге!
Маңдайында қызыл жұлдыз —
Жарқырайды ел көгінде! —
Деді де, қарғ әлі кіріп,
Берді бата жауынгерге,
Айтты алғыс Сталинге.
Бұл уақытқа болған еді
Азап шеккеп чех елінде...

* *
*

Әзрейілді отқа жаққан,
Залымдарды қалтыратқан,

Әлсіреген, азап шеккен
Талай елді азат еткен —
Біздің жарық жұлдызымыз
Жер-жиһанға нұрын төккен.
Біздің батыр ұлдарымыз
Беті қайтпай, басқан өктем.
Біздің күшті Армиямыз
Құдіретті күннен, көкпен!
Ұлы Сталин қамқоршымыз
Күннен күшті нұрын төккен!

К Е Л Д І Ң Б Е, Д О С Т Ы М Ұ

Келдің бе, достым?!

Кұшақ жай!

Сағынып сені күтіп ем.

Зулады күндер,

Зулады ай,

Өтті түндер жылмен тең.

Жылмен теңдес түндерде

Сарғая сені еске алдым:

Сонау бір қызық күндерді.

Сайранын көксеп достардың.

Өрт сөндіріп,

От құшып,

Жасқанбай жаудан жүрегін,

Жармасқан жауың отқа ұшып,

Қанына найза біледің.

Кеудеңе таққан қос жұлдыз.

Көрінер ыстық бауырға.

Алыстан орап келдіңіз,

Ән салайық ауылда...

Келдің бе достым?!

Кұшақ жай!

Сарғая сені күтіп ем,

Сағындырдың япырмай,

Өтті-ау түндер жылмен тең...

СӘЛЕМ САҒАН, ҚЫТАЙ ХАЛҚЫ!

«Құл болғанша басқаға,
Теңізге батқан көп артық.
Боранда, нөсер жауында,
Сурапыл дүлей дауылда,
Қыйрата соққан жауында—
Ел бастаған ер артық,
Ерін тапқан ел артық!..»

(Қытай елінің III ғасырдағы «Цезяо Чжун-цин» атты дастанынан).

I

— Қайдан келдің?
— Гаояннан.
— Сен қайдасың?
— Чжун-цишпен.
— Уа, достым-ау,
— Келші бермен!
Дейді дағы, екі кули¹
Құшақтасып сырласады.
Өткен күннің зарын айтып,
Сырласады, мұндасады,
Қорқып емес,
Қуанғаннан
Екі інінен алып демін,

¹ Кули — қытайша құл, жұмысшы деген сөз.

Қол берісіп,
Сәлемдесе:
— Халың қалай, достым, сенің? —
Деген шақта
Беттен сүйіп,
Есті мамық Чжун-цин желі.
— Көрдің бе анау желбіреген
Көшелерде жалау,
Туды,
Осы түмен ығыстырып,
Қуып шықтық Чан Қай-шиді.
Екі кули туға қарап,
Қуанғаннан тағы күлді...
Сол бір сәтте сапқа тұрып,
Ойналып марш, айтылды ұран.
Салтанатпен өтіп жатты
Ер жүректі ылғый қыран.

II

— Амансың ба балаларым!
Көптен күтіп жүр едім мен,
Шаттық келді кулилерге,
Құттықтаймын жүрегіммен.
Кулиге бақ қонса екен деу —
Бар тілегім болды жаным! —
Ден, карт Чжу Ли қарсы алып,
Сүйді беттен ер ұлдарын.
Қуанғаннан төгіп жасын,
Құшақтады мойіріммен.
Айтты алғысын адал ұлға
Аталық ақ бейілімен.

III

... Көшедегі бір топ кули
Жыйналысып,

Күліп жатты;
Шаңға батқан,
Алтындаған
Жерден жыртық погон тапты.
— Чан Кай-шидің погону ғой,
Қашқанында қалған түсіп,
— Погон деген ешнәрсе емес,
— Кеткен шығар қалпағы ұшып!
— Пәуескесі жолда қыйрап,
Жаяулапты бір күн.

Бір түн.
— Жоғалтыпты сасқалақтап,
Гомниданның кенсе кілтін...
Азаттықтың кұшағында —
Жүздерінде бақыт ойнап;
Мао Цзе-дунның туы астында
Қуанышын жатты тойлап.

IV

— Естен шығып кетіпті ғой,
Әбден тепкі көргеннен соң,
Не деуші еді?

Дастанында
Әлгі...

«Цзеяо Чжун-цин?»

— Мен де ұмытып қалған екем,
Ойланайын тұра тұршы.
Ли-Вэй достым жырлағанда,
Қанушы еді-ау кұлақ кұршы!
— Шіркін, Ли-Вэй кетті-ау өліп,
Ұлы қытай халқы үшін!
Жырлайықшы сол дастанды
Мәңгі сөнбес дапқы үшін!

— Еһе, түсті міне есіме,
Ойланайын, аз сабыр қыл.
Ли-Вэй достың айтуынша,
Басталатын былайша жыр:
«Қыйрата соқсаң дұшпанды,
Бәрінен де сол артық.
Ерін тапқан ел артық.
Құл болғанша басқаға —
Теңізге батқан көп артық...»
Бір топ кули кетті шырқап:
— Чан Кай-шиден кекті алдық,
— Америкашың зеңбірегін,
Мылтығын да тартып алдық!
— Мао Цзе-дундай еріміз бар,
Жаса, Қытай елі үшін!
Аямаймыз қасық қанды,
Шексіз қытай жері үшін
Күресеміз!

Жоқ қыламыз

Чан Кай-шидің бандаларын! —
Деген шулар көтеріліп,
Азат жаңдар салды ұранын:
«Құлдықты тілемесе, кім де кім,
Ояныңдар, қозғалыңдар!
Біз өз тәнімізбен қамал орнатамыз.
Шақырды көмекке бәрімізді,
Жүріндер!
Шақырды Отан анамыз!
Әр жерден болсақ та,
Бір тұтас жүректі,
Будақтат зеңбірек түтінін,
Урысқа!

Алға? Алға!»¹

¹ Азат етілген қытай елінің ұлт ұранынан.

V

Сәлем саған, қытай елі,
Туысымыз,
бауырымыз!
Сәлем саған, қытай жері,
Өз жеріміз, ауылымыз!

Сәлем сізге, Мао Цзе-дун
Еліңізді бастадыңыз.
Вашингтонды дірілдетіп,
Күдіретті ұран тастадыңыз!

Батыр халық, артсын даңқын!
Жауды қырып каруыңыз,
Шатырласын нажағайлар,
Күркіресін дауылыңыз!

Сәлем саған, азат кули,
Көтер шырқап ұраныңды!
Сәлем саған, қарт Чжу дэ,
Кекке соққан құралыңды.

Соқты сағат!
Жарқырасын
Коммунизм сәуле, нұры!
Сәлем саған досымыздан,
Бер қолыңды, қытай ұлы!

Ж А Н Ы П Ж А Т Қ А Н К Ө Ш Е Д Е Н

(*Корей ақыны Те Ги Ченнен*)

Жанып жатқан көшеден жаздым мұны,
От күйіні қоршаған,

дауылдатқан;

Не керемет дүниенің кетіп сыны, —
Күйген, біткен,

Жаңқадай аспанға атқан...

Жаздым мен үйілген күл арасынан,
Тоз-тоз боп жатыр бала бесіктері.

Бүлінген,

Сәні кеткен,

Қыйрап-сынған,

Ясли мен аурухана есіктері.

Жанып жатыр айнала қып-қызыл шок.

Аранын ашыпты ажал қорқынышты.

Мектепте оқып жатқан бала да жоқ,

Естілмейді бір жанның үні тіпті...

Мұны жаздым жалынды от қоршауында,

Қорғасынның ісі де мұрын жарып,

Естіледі құлаққа әлсіз «іңгә» —

Бір бөбектің әлсіздеу үні талып

Реңі кеткен,

Көшеде жатыр ана,

Нәлет айтып АҚШ-тың бомбасына,

Жас ұлан, нелер қыршын, батыр бала
Жауап берген кегімен қорғасынға.
Арпалысып, айқасып, қарсы тұрып,
Бір мүлтіксіз көздейді нелер мерген.
Жіберді бір-екеуін, әне ұшырып,
Жоқ қылды сұрқияны көрген жерден.
Қанша еліріп зұлым жау келсе дағы,
Батырлармен кұрсанған майдан шегі.
Талқандалып тағылар, ақты қаны,
Белестен еркіндіктің соқты желі.
Қорқаудай зымыяндар қыңсылайды,
Шыққанда біздің танк атақаға.
Ұрандап ылғый қыран қанат жайды,
Жүрекке батырлықтың шамын жаға.
Қаптады... Бейне толқын, көшені орап,
Ер халық бір-бірімен тізелесіп
Бірі күрек, біреуі алып орақ,
Араласып түтінге суды кешіп.
Еркіндікті ту қылған жүрегіне,
Шығыстан бостандықтың үні шықты
Жетеді Корей халқы тілегіне,
Әлемде әділеттің күші мықты.
Сөнбейді шығыс күні нұр жайнаған,
Қорқаулар келсе дағы шабамын деп,
Ұл, қызы Кореяның бел байлаған —
Бақытты еркіндіктен табамын деп.
Кім жеңер ер халықты ту көтеріп,
Жеңіс деп ұрандаған жауға қарсы.
Келсе де қалың дұшпан елге төніп,
Ұлтарак жер, суынан бермес тамшы.
Әрбір солдат, партизан жүрегіне
«Жеңіс» деген дабылды үн шырақ жаққан
Қосылып бір дауыспен айбынды үнге,
Қаһарланып Пусанға шеру тартқан!
Желігіп қорқау қасқыр келсе дағы,

Кұрсалған батырлармен майдан шег,
Шығыстың алтын арай атты таңы,
Жеңістің туы қолда,
Соқты желі.

Ей, залымдар!
Сөнбейді шығыс күні,
Айбынды ерлер майданда дауылдатқан.
Жанып жатқан көшеден жаздым мұны,
Төнген жауды жаңқадай аспанға атқан...

ЖАЗҒЫ ТАҢ

(Татар ақыны *Ғабдолла Тоқаевтан*)

Жер бетіне сөзле беріп,
Аппак болып таң атты.
Мұңға батып, кайғыланып,
Жылжып қана ай батты.

Бірін-бірі қуып, ойнап,
Көкте жұлдыз сөнөді.
Жел тербеген жапырақтар
Сыбдырлап үн береді.

Шымылдықтан шыққандай боп,
Жасыл дала көсіліп.
Түнде киген кара тонды
Тастағандай шешініп.

Түн бойына күнді күтіп,
Тыныш жатқан айдын көл
Кемерінен асқақтайды,
Еркелеген сыйқырлы ол...

Қызыл гүлдер,
Байшешектер
Қуанғандай таңменен.
Сандуғаштар сайрады әне,
Ой толқытар әнменен.

Ең әдемі,
Ең көрікті,
Сұлу, әсем — жазғы таң,
Сол бір шақта ойлан ақын,
Келеді өлең — ойласаң!..

МАЙКӨЛ ТАМЫ

Майкөл тамы биік жар жағасында,
Айтылмаған бір сыр бар дәл осында.
Өткен заман жерлеген өлік жатыр
Оқшау там боп салынған моласында.

Түскенге асқар тауы көкке тиіп,
Шың басын мұнаулатып бұлт сүйіп,
Тамды мола жапында бір шок терек
Сыбдырлап сыр айтқандай басып иіп.

Жел болса Майкөл басы зарлағандай
Шок терек сыбыс беріп таңданаңдай.
Көзіңе елестейді сүреңдері
Ескілік нағандықтан із қалаңдай

Қара тас мелшннп тұр тауы қаттып,
Терегі мұңың, шыңың желге айтып;
Молдада шыймай-шыймай жаулар бар,
Тастайды оқысаңыз көп мұңайтып

«Мынау жатқан Айқабәк баласы» -- дейд
«Өз-өзінен болыпты жаласы» — дейд.
«Өзін-өзі өлтірген надан адам,
Күпірлігін шіркінің қарашы!» — дейд.

Дәл осылай жазылған қара тасқа,
Еркіңізді қоймайды ойланбасқа.
«Күпір» деген сөзде не мағна бар,
Не себепті тағылған қыршын жасқа?»

Қыршын жас неғып жанын қыйған екен,
Не себептен дүниеге сыймады екен?
Өзін-өзі қан қылып несі бар ед,
Қалайша аңғырттықты тыймады екен?

Айтайық әңгімені мұнан өткен,
Ол — ауыр сыр барабар қаза, дертпен
Мұның жайын былай деп ел айтады,
«Майкөл тамы» аталған не себептен?

Бай бопты дәулеті асқан Қожакелді.
Кұрдай ғып жорғалатқан қалың елді
Тірі жаңды өзі-өз боп менсіңбеген,
Қарсыласса кім болсын ұрды, жеңді.

Сай болып төрт түлігі, өрген малы,
Би мен бек Қожакешің тілін алды.
Малдың күші семірткен асқақтатып
Қармағы Қожакешің болды қанды.

«Көшкенде отыз парға жүгін артып,
Дәулеті шарасынан асқан шалқып».
Осылай әңгімені ел айтады,
«Өтті», — деп, — «Қожакелді қанды қарпып»

Бәйбішесі тым кербез таңқы қара,
Өз алдына жеке би бұ да дара,
Отыншы, сушыларын ұрып, сөккен,
Жайлағандай әлемді жалғыз ғана.

Жесір дауы, ол дәуір — қаулаған кез,
Барымтаны сапырып айдаған кез.
Жазықсызды зарлатып әлі жеткен,
Атқа салып талайды байлаған кез.

Сол байдың болды Айсұлу деген кызы.
Көздің жауып алғаңдай кұба жүзі.
«Кұдай қосса бір байға берем» — деген,
Қожакенді мас қылған ойы, сөзі.

Сол Айсұлу бұралып өсіп жетті,
Таң қалдырды көркімен талай көпті.
Күні-түні сызылып әңгіме айтып,
Жеңгелері «Айым» — деп еркелетті

Бозбаланың бәрі де кызығады,
Қолы жетпей көңілі бұзылады.
Барлығын да Айсұлу тең тұтпайды,
Тек әдеппең сөйлесіп сызылады.

Мергенбай бай сол елде дәулеті асқан
Талаймен бақ сынасып, тайталасқан.
Қожакелді екеуі бір тайпада
Ойнап-күліп өсіпті бала жастан.

Таудай тұтып бір өзін балап көпке,
Қыз айттырмақ баласы Нөкербекке.
«Жаң аямас құдасы болайық» — деп
Бір кісіні жіберді білдірмекке.

Екі бай құда болып алысты мал,
Дәулетімен ұнасып, жаласты бал.
Көз көрмеген Нөкербек Айсұлуға
Сүйсе де,
Сүймесе де болады жар!

Ру елге жайылды ел өсегі,
«Күйеу жаман.

Ақылсыз.

Жын...» — деседі.

Кожакелді шіркінде ұят бар ма?
Малдың құлы, мал-жанды, мал есегі.

Айсұлу да естіген ауыр жайын,
Жүдетеді күн сайын сары уайым.
Ауыр оймен қазылып, қапа тартып
Қайғы бұзды сұлудың бет шырайын.

Бір шыққан сөз жата ма көтерілмей,
Шіркін сұлу сарғайды семген гүлдей
«Нөкербек әрі ынжық, әрі жыңды» —
Осылай аңыз қылды Көшей, Көлдей¹

Күшпен күнге бұл сөзгі ел алып қашты
Онашала Айсұлу төкті жасты;
Жыйын жерде бас қосып отырғанша,
Дұшпандары табалап бетке басты.

Аз ата, төмен ру Көшей елі,
Кедейліктен сан рет таяқ жеді.
Өншен кедей өмірден жапа тартып,
Жылдар бойы жуаннан қорлық көрді.

Көшейдің Айкабак шал бір кедейі,
Қуғын көрген өмірден ол ұдайы,
Қаралы күн орнатып оған мәңгі,
Бақытсыз өткен жастан бір құдайы.

Жалғыз ұлы етікші Тоқсан деген,
Кемпір-шалды асырау камын жеген,

¹ Көшей, Көлдей — ел аттары.

Кемпір-шалдың ендігі бар жұмысы:
«Аман қыл» деп Токсанды тек тілеген

Токсан — әнші, әнімен айтқан шерді
Өнерімен таң кылып рулы елді.
Домбырасын сөйлетіп әнге салса,
Бір сүрінбей он саусак аттай желді.

Не керек, он қолынан өнер тамад,
Мұны көрген Айсұлу бірер қабат.
«Токсанның толқымасы» деген бір ән
Көптен-ақ айтылып жүр елге тарап.

Жыйын тойды бастаған Токсан талай.
Құрмет тапты халықтан соған орай.
Қара басын кемітер бір мүлтік жоқ.
Әттең ғана бітпеген шіркін мал-ай!

Көз тартқандай көрікті пішін-түрі
Май ағызад сөйлесе қызыл тілі.
Толықсып «Толқымасын» салған күндер —
Дәл жыйырма үшке Токсанның келген жылы

Қанайта қыз ұзатқан бір той болды
Бала-шаға қалмастан бәрі барды.
Қызу жыйын ішінде көзге түсіп,
Сауықшылар тарқатты бар құмарды.

Біраздан соң дуылдап ойын қызды.
Асқақтап ән менен күйі өрлеп жүзді.
Алысқа ұзап шығарда ыстық тартыл,
Қоршап отыр құрбылар Дүрия қызды.

Әр рудан адам кеп араласты,
Асықтар да қуанып мауқын басты.

Жүрегінің кұмарын айтып Токсан,
Айсұлуға ғашықтық сырын ашты.

Есіп жаздың түнгі бір самал желі,
Жүректі сүйсіндірген торғын лебі.
Жымындап көк жүзінде сансыз жұлдыз,
Алтын ай ажарланып күлімдеді.

Екі жас қайың, талдың саясында,
Жайқалған гүл жапырақ арасында –
Айтысып бір-біріне жүрек сөзін,
Маужырап отыр шаттық аясында.

Екі жас көңіл ашып күлімдейді,
Өнінен бұл сәт қайғы көрінбейді.
Майкөлдiң шыңды жарған мөлдір суы
Секіріп тастан-тасқа дүрілдейді.

Осындай талай қызық күндер өтті,
Екі жас қосылуға сөз бекітті.
Жастарды жар астынан аңдыған жау
Құбылтып қыйлы-қыйлы таңды өсекті

Естіген өсек сөзді Қожакелді,
Токсанға тісін қайрап, ашу жеңді.
Бәйбіше де сытырлап, сына жаздап,
Балағаттап Токсанды сыбай берді.

Қайғы меңдеп жүдетіп жас сұлуды.
Ата-анадан жиреніп, ой суыды.
Тікенектей қадалып өсек-аяң,
Жұрттың сұғы найзадай Айсұлуға.

Келмей жүрді Токсанда сөзден қашып
Айсұлуын көре алмай қасірет басып.

Тоқсан келсе өлтіред ол белгілі,
Жүру керек абайлап аяқ басып.

Асау жүрек соғады аттай тулап,
Ыстық қаны өн бойын өртеп, улап.
Айсұлудың сәлемін әкелгендей,
Жел келеді кыйырдан зулап-зулап.

Тағат таппай толқыды жас жүрегі,
Жүрек неге толқыды, кім біледі?
Көптен бері сағынған ғашық жарға
Көңліндегі сөзді айту бар тілегі.

Үйден шығып бет алды барайын деп
Бір тілдесіп Сұлумен қалайын деп;
Енді жетіп қалғанда көзі шалды:
Келеді скен біреулер қамайын деп.

Қанпезерлер жас қанды ішіп тынды,
Өткір пышак өз ісін тез бітірді.
Қақ қасына пышақты тастап кетті.
Деп айтуға: «Өзіне-өзі қылды...»

Арада бір-екі күн өтіп кетті,
Тоқсан үйге келетін мезгіл жетті
Кемпір, шалдың көңінен сорақы атып
Шарқ ұрып, аласұрып ел талетті

Іздесті сұрау салып жам алаһын.
Қорқысты мезгіл-уақыт өткен сайын
«Неге бұлай болды?» — деп қауіптеніп,
Ағ шаптырып шалдырды ел маңайын.

Айтып келді бір күні қойшы бала
Зілі қатты, қаралы жаман хабар:

«Үсті-басы қан-қан боп біреу жатыр,
Майкөлдің теріскей жақ бетін алып».

Келсе хабар айтудай екен анық,
Майкөлдің теріскей жақ бетін алып».
Қыршын жас, арманды жас Тоқсан жатыр.
Кемпір мен шал қайғыдан қалды талып.

Молдалар да бұл жерге келіп қалды.
Олардың ойлары арам, қолы қанды.
«Өзін-өзі өлтірген күпірлік» — деп,
Шарифатқа сүйеніп сөз шығарды.

«Өзін-өзі өлтірген көзсіз батыл,
Мұндайларды шарифат дейді «кәпір».
Қай жерде өлсе, сол жерге көміледі.
Тас қойылса басына тіпті мақұл.

Кейінгіге «кәпірлік» аты қалсын,
Тас қойылсын, жазумен ажарлансын
Өткен-кеткен тастағы жазуды оқып,
Мұндай істен сақтансын, ғыбрат алсын

Басқалардан моласы бөлек болсын,
Қарғыс айтсын халайық, көзі көрсін.
«Кәпірлерге» молада шайтан жолдас,
«Кәпір» жатқан оқшау там жынға толсын».

Естіген жұрт жағасын бір ұстады,
Кейі: «бұрыс» деп, кейі дұрыстады.
Молда айтса құп, бай айтса жұп болады.
Айтты дағы әмірін тыныштады.

Бұл іске әлденеше жылдар өткен,
Ескіріп ел аузында жүрген көптен.

«Қан жайлау» деп Майкөлді содан былай,
Ру ел «Майкөл тамы» атап кеткен.

Алыстан көрінеді Майкөл тамы,
Тамған жер арманда өткен жастың қаны,
Жел соқса, құйын шықса күңіреніп,
Майкөлдің мұнданғандай биік жары.

Мелшиіп тұр жазулы қара тасы,
Сып-сыйда сыбдырлайды терек басы.
Шеңгелдеген сұмдықты уысына
Ескіліктің бұ дағы бір мұрасы.

Озбырлық, сұмдық өтпес бұдан әрі.
Түршігер, шыдап болмас адам ары.
Надандық пен озбырлық билік құрған
Өткенді ескертеді Майкөл тамы.

МАЗМҰНЫ

Жұлдызды Москва	3	Самолеттегі ағатай	23
Сталинге	5	Әлі талай ұшармын	26
Сенің тулғаң	8	Жауынгер жолдас!	29
Сайлау күні	10	Семсер	31
Балалардың бағы үшін!	11	«Берші маған жұлдызыңды!»	33
Теңіздей терең өсиет	12	Келдің бе, достым?!	36
Маяковский	15	Сәлем саған, Қытай халқы!	37
Еділ -- Дон	17	Жанып жатқан көшеден	42
Гүлденеді Қарақұм	19	Жазғы таң	45
Туысқан өзбек халқына	21	Майкөл тамы	47

ЖАҚАН СЫЗДЫКОВ

СТИХИ

(на казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1951 г.

Редактор *Т. Исмаилов*
Художник *М. Михайлов*

Тех редактор *В. Гиричев*
Корректор *А. Джакупова*

Подписано к печати 24 х 1951 г. УГ06878. Изд. № 140. Бум. 70х92₁₁=0,87 б. л. —
2,04 п. л (1,87 уч. изд. л). Тираж 5000 экз. Цена 1 руб. 50 коп.

Алма-Ата, Гостипография № 1 Казполиграфиздата при Совете Министров
Каз.ССР. Зэк. № 660.